

**"Радиожилік спектрді пайдаланғаны үшін төлем хабарламасының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар Министрінің 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 426-1 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы (N 2128 тіркелген)**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 5 тамыздағы N 165-п бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 25 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3035. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 253 бұйрығымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2010.09.27 № 253 бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін әрі қарай дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 13 маусымдағы N 1107 Жарлығына сәйкес бұйырамын:

1. "Радиожилік спектрді пайдаланғаны үшін төлем хабарламасының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар Министрінің 2002 жылғы 18 желтоқсандағы N 426-1 (N 2128 тіркелген) бұйрығына келесі өзгертулер енгізілсін:

1) 2-ші тармақтағы "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті" сөздері "Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттік" сөздерімен ауыстырылсын;

2) 3-ші тармақтағы "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитетіне (А.Б.Есенғараев)" сөздері "Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің Байланыс саласындағы мемлекеттік қадағалау және лицензиялау департаменті (Р.Р.Нұршабеков)" сөздерімен ауыстырылсын;

3) бұйрық қосымшасының мәтінінде "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті" сөздері "Байланыс саласындағы уәкілетті орган" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Байланыс саласындағы мемлекеттік қадағалау және лицензиялау департаменті (Р.Р.Нұршабеков) Қазақстан Республикасының Әділет

министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуге ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Төраға орынбасары А.Қ.Жұмағалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуге алынған күнінен бастап күшіне енеді, таныстырылуға және таратылуға тиісті.

*Төраға*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК